

Сейітжанов З.Н.,
Қалқабәева С.Ә.,
Имаханбет Р.С.,
Оспанова А.А.

Көдек өлең-толғауларындағы уақыт шындығы

Қазақ әдебиетінің тарихында шығармашылық ғұмырбаяны кейінгі кезеңде ғана толық зерттеуге тартылып отырған қаламгердің бірі – Көдек Байшығанұлы. Ақын шығармашылығының негізгі арқауы – ел басынан өткен ХХ ғасыр басындағы аумалы-төкпелі ауыр кезең. Қазақ әдебиетінде 1916 жылдың елді дүбілтіп, ен жайлап отырған жерінен ауа көшірген ақ патшаның зілді бұйрығынан кейінгі оқиғалардың тарихи шындығы кең ауқымда көркемдік өріске тартылған. Прозада да, поэзияда да сол бір күндердің ақиқаты баяндалды. Бұл тақырып – қазақ әдебиетінің дамуындағы көкейкесті тақырыптардың бірі болып қалыптасты. Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Асқар Сүлейменов, т.б. сөз зергерлері дүрбелең уақыт аясындағы адам тағдырлары тұрғысында шынайы шеберлік тұнған прозалық шығармаларын жазды. Поэзияда Омар Шапиннің «Бекболат» поэмасы мектеп оқулықтарында оқытылып келеді. Сол қиын заманның, қитұрқы саясаттардың мың-сан құрбанының бірі – аса дарынды ақындық тұлға Көдек Байшығанұлы болатын.

Түйін сөздер: Көдек Байшығанұлы, «Үркін» дастаны, қазақ әдебиетінің тарихы, Қарқара көтерілісі, ақындық шеберлік тәсілдері, тіл шеберлігі, көркемдік шешім, толғау, патша заманындағы ел тағдыры, 1916 жылдың оқиғасы.

Seyitjanov Z.N.,
Qalqabaeva S.N.,
Imaxanbet R.S.,
Osanova A.A.

Verses of kodek reality a time

Bayshyganuly Kodek is one of the literary figures in the history of Kazakh literature, whose creative life has recently subjected to careful study. The main essence of the poet is a vague time spent by people in the early twentieth century. The historical truth of events in 1916, after a sharp order of white Tsar about the transmigration of people with an amply situated place organising bustle accepts a wide artistic scope in the Kazakh literature. The truth of those days is detailed in prose and poetry. This topic has formed as one of the urgent topics in the development of Kazakh literature. Zhusypbek Aimauytov, Saken Seifullin, Mukhtar Auezov, Sabit Mukanov, Gabit Musrepov, Askar Suleimenov, etc. wrote their prosaic works, where the main topic was the human destinies of a troubled time. The poetry of the poem «Bekbolat» by Omar Chapin is studied in school textbooks. One of the countless victims of dodgy politics of that era is a gifted poetic figure Kodek Bayshyganuly.

Key words: Kodek Baishyganuly, the history of the Kazakh literature, Karkara uprising, methods of poetic skill, language skills, artistic solutions, tolgau (song with lyric expressiveness of tunes), the destiny of the country in czarist days, historical event in 1916.

Сейтжанов З.Н.,
Калқабәева С.А.,
Имаханбет Р.С.,
Оспанова А.А.

Стихи Кодека – реалии времени

Одним из деятелей литературы в истории казахской литературы, творческая жизнь которого подвергается тщательному исследованию только в последнее время, является Кодек Байшығанұлы. Главная суть творчества поэта – смутное время, прожитое народом в начале ХХ века. Историческая правда событий 1916 года после резкого приказа белого царя о переселении народа с просторно расположенного места, создавая суматоху, принимает широкий художественный размах в казахской литературе. В прозе и поэзии подробно излагается истина тех дней. Эта тема сформировалась как одна из актуальных тем в развитии казахской литературы. Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Муканов, Ғабит Мүсірепов, Асқар Сүлейменов и т.п. написали свои прозаические произведения, где главной темой стали человеческие судьбы в смутное время. В поэзии поэма «Бекболат» Омара Шапина изучается в школьных учебниках. Одной из бесчисленных жертв изворотливой политики той эпохи является особо одаренная поэтическая личность Кодека Байшығанұлы.

Ключевые слова: Кодек Байшығанұлы, дастан «Суматоха», история казахской литературы, восстание Каркара, приемы поэтического мастерства, языковое мастерство, художественное решение, воспевание, судьба народа при царе, событие 1916 года.

КӨДЕК ӨЛЕҢ- ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ ШЫНДЫҒЫ

Өнерді соның ішінде әдебиетті де қоғам өмірінен бөліп қарауға болмайды. Әсіресе, жауынгер жанр поэзия өмір құбылыстарының сан қырын өлеңмен өрнектегені белгілі. Ендеше өмірсіз өлең жоқ. Кез келген ақын көріп білгенін, көңілге түйгенін суретті сөзге айналдырады. Сондықтан халық өмірінің өткені мен жеткенін белгілі қаламгердің мұрасы арқылы танып, білеміз десек асыра айтқандық емес. Қалай да белгілі дәуір шындығы сол дәуірдің көркем сөзінен көрініс тапқан. Академик З. Қабдолов: «Әр дәуірдің әдебиеті – сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шыңдап» қана қоймай, келешекке, келер ұрпақтан ұрпаққа «шөгелеп» қалдырған құдіретті күші де осы арада жатыр» [1, 120], – деп орынды айтқан. Осы ретте қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан ақынның бірі – К. Байшығанұлы.

Көдек Байшығанұлының бай поэзиялық мұрасының ауқым-аясы кең. Басқаша айтқанда өзі өмір сүрген тұстың тарихи әлеуметтік жағдайынан бөле қарауға болмайды. Ақынның өлең-толғаулары заман зарымен, халық мүддесімен тығыз байланысты екенін көреміз. Ақын жас кезінен ел ішіндегі шағын той-томалақтарда өлең айтып, өзі де өлең шығаруға машықтанады. Көдек 12-13 жасынан бастап ақын бала атана бастайды.

Он үшке он екіден адымдадым,
Атымды өзім ерттеп жабындадым.
Той болған тамашалы жерге барып
Өлеңге сол кезімнен ағындадым [2, 8].–

деген жолдар жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түседі.

Ақын өлеңді суырып салып та айтқан, жазып та шығарған. Сондықтан оның жас кезіндегі өлеңдері қысқа, бірер қайырым ғана болып келеді. «Бір қызға», «Бір балаға», «Құртқа-мамай», «саумал», т.б. өлеңдері қолма-қол айтылған қағытпа қалжың болып келеді. Көдектің өскен ортасы өнерге бейім болғандықтан бала ақын да одан шет қалмайды. Екіншіден, халық әдебиетінің қайнарынан еркін сусындаған өзек көп ұзамай оралымды ой айта білетін ақын болып жетіледі. Ақын ел аралағанда, жол сапарда жүргенде оған «бірер ауыз өлең айтап жіберіңізші» деп қолқа салатындар да аз болмаған. Оның «орамал», «танысқан қыз»,

«әкұнар кіндік», «қойшыға» тәрізді өлеңдері осындай да айтылған. Мұндай туындыларында сыпайы әзіл кейде шешен мінез жастық жалыны мен мұңдалап тұрды. Бірде қаралы хабарды айтуға келген адам сырттан ешкімді көре алмаған соң үйге кіреді. Үйде отырған Тергеубай «неге үйге кіріп айтасың?» – деп хабаршыны сабап жібереді. Мұны естіген Көдек:

Үйінде екен барғанда,
Мұсатай итжап манабың.
Хабар айтқан кісіні
«Үйден кет» деп сабадым
Көрмекке уәде етіп пе ең,
Ағайынның намазын
Қапшығыңда бар ма еді
Өлместен алған қағазың [3, 36],–

деп ащы мысқылмен сілейте соғады. Мұндай халықтық салтқа жат әрекет еткен айыбын бетіне басып, масқара етеді. Ақынның жас кезіндегі өлеңдері бетің бар, жүзің бар демей артық кемді тура айтатындығымен ерекшеленеді. Бірде Ажар есімді жеңгесі «мені өлеңге қосып мақташы, қойшысынан» – десе керек. Сонда ақын мақтаудың орнына сын айтады. Оның балаға да, үй ішіне де дұрыс қарамайтынын, салдыр салмақ әйел екендігін көз алдында әшкере етеді.

...Бұл кісінің әдеті
Көк инені түртпейді.
Жыртық киім, кір киім
Жүк бұрышына жіктейді
Әңгімесі, күлкісі
Не бітпейді, жетпейді.

Ақынның ертеректе айтқан «Тілі жоқ» атты өлеңінен де осындай ерекшелік аңғарылады. «Өлең айт» деп қолға салынған қызды алдымен мадақ етіп алады да, соңында оның кейбір оғаш әрекеттері мен теріс қылықтарын жасырып қала алмайды, ашық айтады. Сөйтіп Көдек жас кезінен өлеңді төгіп айтуға қолма-қол қиыстыруға машықтанады. Сондай-ақ хат таныған соң жазып та шығарған. Ақын осы екі ерекшелікті бірдей ұстанады. Бірде ауылға келген Бөлтірік ақынға Көдекті сынату үшін көкпар тартып жүрген Көдекті шақыртады. Көкпарын тастап, ақынның алдына келегн жас жігіт:

Ассалаумағалайкум, Алдияр,
Шақырған соң кеп қалдым.
Жүрісім өте асығыс,
Көкпарды қуа бетке алдым
Нөкерлерім қасымда,
Өкшелеп қуып жете алдым

Аялдасам кешігіп,
Атың тері бос қалдым.
Жасыңа құлдық аталар,
Айтарымды деп қалғым, -

деп өзінің жағдайын бірден іркілмей, өлеңмен айтып жібереді. Бөлтірік ақын: «Ауылдарыңнан дауылды, ақтұйғын ақын шыққалы тұр екен, жолы болып алдынан нұр жаусын!»[3, 31], деп батасын беріп, риза болыпты.

Бөлтірік жалынды жастың талабын сезімталдықпен аңғара білген, жоғары баға берген. Біртіндеп Көдек дарынды ақын ретінде қалыптасады. Тіпті, өткен ғасырдың бас кезінде ұлы жазушы М. Әуезов та осы ақынға ерекше назар аударады. «Көз ерекше үлгіде даланың дара ақыны мазмұны мен қоғамдық рөлі жөнінен әлдеқайда қызығырақ саналады. Солардың жарқын бір үлгісі – байлар арасындағы Көдек ақын»[4, 12], деп жазады. Жазушының бұл сөзінде де ақынға орынды баға бергенін көреміз.

Халық әдебиетінен, қайнарынан сусындап, өнерлі ортадан тағылым алған Көдек қоғамдық ортадағы сан түрлі жағдайларға немқұрайлы қарай алмайды. Біраз өлеңдерінде жастарға кеңес айтып, жақсы, жаман нәрселерді салыстырады. Адам болып қалудың жолы қайсы, қандай істен сақтануымыз керек деген мәселені алға тартады. «Жастарға кеңес» өлеңінде былай дейді:

...Ұры, зұлым, қаракшы, тонаушыны
Жақсы деп кім айтады залалдыны?
Үкім күшке сүйенген озбыр болса
Ол оның қара қасқа қабандығы [3, 57],

Ұры, зұлым, қаракшы, тонаушыларды атай отырып осындайлардан сақ болуды ескертеді, теріс жолдан сақтандырады, әрбір саналы адам абайлауы қажет дегенді алға тартады.

Жас кезінде оқу мен өнерге ұмтыл,
Талап қылып ізденген табар мұны.
«Өнер-білім – адамның ырысы»
Атаң мен айтапап па еді бабаң мұны, -

дейді.

Жастарға лайық іс оқу мен өнер екен. Осы жолда ерінбей талаптанса, оған қол жеткізуге болатынын айтып, «өнер-білім – адамның ырысы» деген байламға келеді. Бұл күні бүгінге дейін құнын жоймай келе жатқан пікір екені даусыз. Көдек бірқанша өлеңдерінде алыс-жақын, адамгершілік, парыз, қарыз дейтін қосарлы ұғым тудыратын қылықтарды тағы да қатар алып көрсетеді. «Ойтолғауында»:

Бақ келгенде досың көп,
Жаны бірге тыныстар.
Басқа пәле келгенде
Алысқа бәрі жылыстар, -

деп құбылмалы достық сырын ашса, енді бірде қолы бірдемеге жетіп, есет түсе есіретіндердің бар екенін жасырмайды.

Есе түссе есірер
Қайқұйылы мен бұзықтар
Оған да орнап қалмайды
Мойнында тағдыр құрық бар...
Адал жүрсен азбайсың
Осы сөзді ұғып қал [3, 54],

Ақын адам әрекетінің сан түрін көз алдыға келтіре отырып, ең бастысы адал жүрсе азғындық жоқ деп түйеді: адалдық мәңгі ескірмейтін адамның басты қасиеті екені дау тудырамасы керек. Осы адалдықтың жетіспеуі қоғамға аз қырысығын тигізіп жүрген жоқ. Көдек тағы басқа өлеңдерінде де осы тұстарды аша түседі. «Халық сенген адал адамды» мадақ етеді:

Адасқанға ақылмен жол көрсетіп,
Талайдың ісін оңдап саралаған
Бұрынғы білермендер айтқан екен:
«Азбайды халық сенген адал адам» [3, 58],

Адасқанға жол көрсету, ақыл беру, алдына келген істі оңдап саралап шешіп беру – бәрі адалдықтың белгісі деп біледі. Адамды өз атына лайық ететін де адалдық деп ұғындырады. Ақын жақсынын жақтап, жаманды шенейді.

Көдек көптеген өлең толғауларында жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық әлеуметтік мәселелерді кеңінен толғайды. Оның шығармаларының тақырыбы адам, заман, әлеумет өмірінің өзгерістері десек артық болмайды. Көдек саналдарын кеңінен қамти білетін ақын, өз тұсындағы қоғамдық әлеуметтік мәселелердің ешқайсысына енжар қарамаған. Қайта басқалардың да бодан болғани елінің ертеңін ойлайды. Сондықтан сол тұстағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, ел тағдыры қоғам, заман келбеті сияқты өзекті мәселелер ақын шығармаларының өрім өзегіне айналып отыр. Ащы шындық ашылған сайын оқырманды бейжай қалдырмайды. Өмірдің шынайы суреттері барынша табиғи көрініс тауып жатады. Өткен ғасырдың бас кезіндегі (алғашқы жартысы) халықтың қайғы, мұңын жырлап, қоғамдағы жасалып жатқан қиянатқа қарсы үн көтереді. Мұның бәрі Көдек заманының өрті мен дерті екені даусыз. Тегеурінді ақын бодандық саясатты айыптайды.

Әдебиеттер

- 1 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы. – 1983. – Т 2. – 456 б.
- 2 Маралбайұлы К. Таңдамалы шығармалар. – Күйтің: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. – 1988. – 142 б.
- 3 Байшығанұлы К. Қайтейін, жалған дүние... өлеңдер, толғау, дастандар, жоқтау-дауыстар / құраст. Нұрлан Әбдібеков. – Алматы: Тоғанай Т. – 2008. – 336 б.
- 4 Әуезов М. Казахское народное творчество и его поэтическая среда // Альманах. – 2001. – № 3.

References

- 1 Qabdolov Z. Eki tomliq tañdamalı şığarmalar. Söz öneri. – Almatı: Jazwşı. – 1983. – T 2. – 456 b.
- 2 Maralbayulı K. Tañdamalı şığarmalar. – Küytiñ: Şiñjañ jastar-örender baspası. – 1988. – 142 b.
- 3 Bayşıǵanulı K. Qayteyin, jalǵan dünie... öleñder, tolǵaw, dastandar, joqtaw-dawıstar / qurast. Nurlan Äbdibekov. – Almatı: Toǵanay T. – 2008. – 336 b.
- 4 Äwezov M. Kazaxskoe narodnoe tvorçestvo i ego poétiçeskaya sreda // Almanax. – 2001. – № 3.